

МРНТИ:15.81.21

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.14>

Л.М.Тулепова¹, Ж.И.Намазбаева¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)¹ tulepovalazzat@mail.ru

ДЕФЕКТОЛОГ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Арнайы және инклюзивті білім берудің дамудың заманауи тенденциясы ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасайтын педагогтарға жоғары талаптар қояды. ЖОО өзіндік жұмыс басты оқу стратегияларының бірі болып, студент дефектологтарды даярлау үрдісінде маңызды ролді атқарады. Жоғарғы оқу орнындағы кәсіби даярлық аудиториялық, аудиториядан тыс, ғылыми зерттеушілік, практикалық іс әрекет арқылы жүзеге асырылады. Мақалада дефектолог студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру жолдары қарастырылған.

Кілттік сөздер: өзіндік жұмыс, студент дефектологтар, құзіреттілік.

Л.М.Тулепова¹, Ж.И.Намазбаева¹

¹Казакский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Қазақстан) tulepovalazzat@mail.ru

ПУТИ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ ДЕФЕКТОЛОГОВ

Аннотация.

Современные тенденции развития специального и инклюзивного образования предъявляют высокие требования к профессионализму педагогов, которые работают с детьми с особыми образовательными потребностями.

Самостоятельная работа в Вузе является одним из важных учебных стратегий и занимает важное место в процессе профессиональной подготовки студентов дефектологов. Профессиональная подготовка в Вузе осуществляется в рамках аудиторной, внеаудиторной, научно исследовательской и практической деятельности. В статье рассматриваются пути организации самостоятельной работы студентов дефектологов.

Ключевые слова: самостоятельная работа, студенты дефектологи, компетенция

L.M.Tulepova¹, Jh.I.Namazbaeva¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai
(Almaty, Kazakhstan)¹

ORGANIZATION OF INDEPENDENT WORK OF STUDENTS DEFECTOLOGISTS

Annotation.

Modern trends in the development of special and inclusive education place high demands on the professionalism of teachers who work with children with special educational needs. Independent work at the university is one of the important educational strategies and occupies an important place in the process of professional training of students defectologists. Professional training at the university is carried out within the framework of classroom, extracurricular, scientific

research and practical activities. The article deals ways of the organization of independent work of students defectologists

Keywords: *independent work, students defectologists, competence*

Кіріспе.

Бүгінгі таңда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту, балаларға қоғамға бейімдеу, қоғамның белсенді бір мүшесі болуы үшін жағдай жасау қоғамның өзекті мәселесі болып отыр. Осыған орай ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеумен айналысатын дефектолог мамандарының кәсіби біліктілігі, оларды ЖОО қабырғасында дайындау жіті назарда.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалар «балалар» денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар, арнайы, жалпы оқу бағдарламалары мен қосымша білім берудің жалпы бағдарламасына мұқтаж балалар саналады (ҚР «Білім беру туралы Заңы) [1.].

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың бірнеше тобы бар:

Бірінші топ ол психофизикалық дамуында бұзылысы бар балалар: есту қабілеті зақымдалған (естімейтін, нашар еститін); көру қабілеті зақымдалған балалар (көрмейтін, нашар көрсетін); зияты зақымдалған балалар; сөйлеу тілі зақымдалған балалар, психикалық дамуы тежелген балалар; тірек қимыл аппараты зақымдалған балалар; эмоциональды ерік-жігер сферасы зақымдалған балалар; күрделі кемістігі бар балалары болып келеді.

Екінші топты: жеке оқу дағдылары мен пәндерді меңгеруде қиындықтары бар балалар (жазу, оқу, есеп (дисграфия, дислексия, дискалькуляция); әрекеттік, эмоциональды және коммуникативті бұзылыстары бар балалар: гипер белсенді синдром, назар аударудың жетіспеушілігі, аутистік сферасының ауыр емес бұзылысы бар балалар; жағымсыз психологиялық факторларға (отбасындағы тәрбие бұзылысы, бала мен ата аналар мен отбасы ішілік қарым қатынас бұзылысы т.б) ұшыраған балалар құрайды.

Үшінші топты әлеуметтік психологиялық және экономикалық, тілдік, мәдени себептеріне орай туындаған ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар: аз қамтылған отбасындағы микроәлеуметтік және педагогикалық салғырттық; балалардың дамуына жеткілікті назар аудармайтын отбасылар; қатер тобындағы отбасылар; жергілікті ортаға бейімделуде қиындықтары бар балалар, мектептегі оқу тілін жеткілікті түсінбейтін, сол тілдей сөйлей алмайтын балалар құрайды [2.б.17].

Біз білетіндей, ерекше білім беру қажеттілігі ол оқушылардың психологиялық педагогикалық, әлеуметтік және өзге көмекке мұқтаждығы, арнайы көмек көрсетілмесе сапалы білім алудың мүмкін еместігі саналады. Бұндай түсініктер мектептің назарын диагнозға ғана емес, сонымен қатар балалардың нәтижелі оқуы үшін жағдай жасауына негізделеді.

Көріп отырғанымыздай, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың категориялары әр түрлі. Осы орайда оларды арнайы немес инклюзивті білім беру жағдайында оқытып, тәрбиелеп, дамытып, әлеуметтендіру жолында мұғалім дефектолог мамандарының алатын орны ерекше. Аталмыш маман баланы қоғамға бейімдеп, өз орнын табуға көмектесетін алтын көпір тәрізді.

Осы орайда елімізде дефектология саласының пайда болу тарихына тоқталатын болсақ, дефектолог мамандарын даярлау 1975-76 ж Абай атындағы ҚазПИ дің филологиялық факультетінде басталып, алғашқы декан Ж.И. Намазбаева болды. Факультет құрамында бастапқыда тек бір ғана олигофренопедагогика кафедрасы болып, оған Р.А. Сүлейменова жетекшілік етті. Кейін сурдопедагогика кафедрасы ашылып, оны Н.М. Буфетов, кейін К.Т. Илахунов басқарса, 1985-86 ж Ж.И. Намазбаева жетекшілігімен Қарағанды педагогикалық институтында дефектолог кадрларын даярлай бастады. Бастапқыда 53 студентпен ашылған аталмыш мамандық бойынша бүгінгі таңда мыңдаған студенттер білім алып, олардың басым бөлігі арнайы және инклюзивті мектептерде,

балабақшалар мен оңалту , түзету кабинеттерінде т.б жұмыс жасауда. Дефектолог мамандарын даярлауда еліміздің өзіндік тарихи жолы да бар. бүгінгі таңда дефектология саласы елімізде белгілі деңгейде дамып, оның дамуына отандық ғалымдар үлкен үлес қосуда. [3.б.111].

Жоғарыда атап өткеніміздей, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту мәселелері әрдайым қоғам назарында. Осыған орай кәсіби білікті мамандарды даярлау ЖОО ның басты міндеттерінің бірі саналады.

Қоғам дамыған сайын білім де бір орында тұрмайды. Соған орай оқыту әдістері, тәсілдері е жаңа ықпалды, жетілдіруді талап етеді. Өз мамандығын теориялық және практикалық тұрғыда да жіті меңгерген, кәсіби білікті, кез келген өзгерген жағдайға бейімделе алатын, үнемі өз білімін жетілдіру мен дамытуға дайын, өз мамандығына аса жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық тұрғыда ойлай алатын мамандарды даярлауда студенттердің өзіндік жұмысын ЖОО қабырғасында ұйымдастыру өте маңызды.

«Өзіндік жұмыс» терминіне келсек, ғылымда аталмыш түсініктің бірнеше анықтамалары бар. мысалы, С.И. Архангельский студенттердің өзіндік жұмысын қажет ақпаратты өз бетінше ізеу, алған білімдерін оқу, ғылыми және кәсіби міндеттерд шешуде қолдану десе; ал П.И.Пидкасистый ұйымдастырудың спецификалық құралы мен оқу үрдісінде өзіндік іс әрекетті басқару деген. Ал, С.И. Зиновьев бойынша студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру ол өзін өзі жетілдіру, өз бітінінше білім алу тәрізді екен. Өзіндік жұмыстың: жаттықтырушы өзіндік жұмыс, реконструктивті өзіндік жұмыс, шығармашылық өзіндік жұмыс деген түрлері де ажыратылады [4.сб 290].

Психологиялық тұрғыдан студенттердің өзіндік жұмысын бірқатар шетелдік ғылымдар да өз зерттеулерінде қарастырған: Е.Г. Баранов «өз бетінше жұмыс жасау мінез ретінде»; Е.П. Ильин, В.А. Иванников, Н.Д. Левитов «өзіндік жұмыс тұлғаның ерік жігер қасиеті ретінде»; С.Л. Рубинштейн, С.В. Чебровская «өзіндік жұмыс тұлғаның интеграциялық қасиеті ретінде» т.б. ғалымдардың пайымдауынша, студенттердің өзіндік жұмысы іс әрекеттік сипатқа ие болып келгендіктен, оның бірқатар динамикалық моделдерін атап өту маңызды: мотивация, мақсатты қою, жағдай жасау, қабылданған шешімді жүзеге асыру т.б [5.б.24].

Әйгілі ғалым Л.С. Выгодский шығармашылық өзіндік жұмысты ақыл мен сезімнің құрылысына, жаңа нәрсені туындатуға теңеген. Жаңа нәрсені туындату ол өте күрделі үрдіс, себебі, оған белсенділік, шығарма, шығармашылық, мобильділік қажет.

Негізгі бөлім.

Жоғары мектепте студент дефектологтардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру студенттердің кәсіби күзіреттілігін қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар өзін өзі болашақта дамытуға қабілетті кәсіби іс - әрекет субъектісі ретінде болашақ маманды қарастыруда болжайды. Өзіндік жұмыс түрін таңдауда, оның көлемін, мазмұнын анықтауда дидактиканың негізгі қағидаларымен жетекшілік ету маңызды. Ең маңыздыларының бірі қолжетімділік және жүйелілік қағидасы болып, ол теория мен практиканың байланысын, қиындықтарды біртіндеп қана көбейтумен, дифференциальды ықпал етумен, шығармашылық белсенділікпен сипатталады. Студент дефектологтардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда студенттердің өзіндік еңбекке дайындығын, білім алуға деген мотивін т.б ескеру маңызды. Дефектолог студенттерінің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың төрт кезеңін атап өту маңызды: танысу бейімдеушілік, орындаушылық, ізденістік, шығармашылық. Бұл кезеңдер өзіндік ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Танысу бейімдеушілік кезең барысында оқытушы студенттерді әдістемелік қамтамасыз ету, оқу талаптарымен және меңгеріліп жатқан білім беру модулінің ерекшелігіне сәйкес (дәріс, семнар, практикалық сабақ т.б) аудиториялық сабақтың түрлі формаларымен таныстарады. Бұл студенттерге базалық түсініктермен танысып, әлеуметтік және кәсіби қажеттілікті сезініп, өзін өзі оқытуға деген мотивациясын қалыптастыруға ықпал етеді. Орындаушылық кезең барысында студент меңгеріп жатқан білім беру модуліне сәйкес әр

түрлі өзіндік жұмыс түрлерін орындайды. Міндеттерді шеше отырып, ол білімін жинақтайды. Ізденістік кезең барысында студент алға қойған міндеттерді шешу үшін қажет білімдер мен қабілеттерін, олардың үйлесімділігін таңдап, жұмылдырады. Ізденістік іс әрекет келесі жұмыс түрлерін орындау барысында жүзеге асырылады: ғаламтор ресурстарымен жұмыс, үй тапсырмаларын орындау, баяндама даярлау, эссе жазу т.б. Шығармашылық кезең барысында студенттер шығармашылық тапсырмаларды, жобаларды орындап, бұнда студент кәсіби маңызды ақпаратты қолдану мен ізденістік белсенділігі, шығармашылық жұмысы бойынша өз бетінше жұмыс жасаудың жоғарғы деңгейін көрсетуге қабілетті келеді.

Дефектолог студенттерінің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда келесі оқыту формаларын қолдануға болады: жеке (типтік немесе кшенді тапсырмаларды орындау, кітапханада жұмыс, ғаламторда жұмыс т.б) , ұжымдық (командамен жұмыс, ұжымдық жобалар, родік және іскерлік ойындар, мәселелеік семинарлар, студенттік конференциялар т.б). әдістеріне келсек, жобалық әдісті, мотивацияны дамыту әдісін, кейс әдіс, портфолио, дискуссияларды; ал тәсілдерден: e-Learning, ғаламтор, компьютер, бағдарламалық қамтамасыз ету, баспа өнімі, өзіндік жұмыс бағдарламалары т.б қолдануға болады.

Оқу үрдісінде студенттердің өзіндік жұмысын И.Т. Сыроежикина түрлі белгілері бойынша топтастырған [6.б.87]:

- дидактикалық мақсаттар;
- оқу іс әрекетінің сипаты;
- мазмұны;
- өз бетінше орындауы мен шығармашылық тұрғыда орындалатын жұмыстары бойынша.

Осы орайда дидактикалық мақсаттары бойынша:

- оқытушылық;
- дамытушылық;
- шығармашылық;
- бақылау т.б бөлінеді.

Оқу іс - әрекетінің сипаты бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын В.П. Стрезикозина қарастырса, ал өзіндік жұмыстың мазмұнын Б.П. Есипов қарастырса, ал өз бетінше орындауы мен шығармашылық тұрғыда орындалатын жұмыстарды М.И. Скаткин, И.Я.Лернер қарастырған [7.с.239].

Студент дефектологтардың өзіндік жұмысы оқу іс - әрекетінің сипаты бойынша:

- жаңа білімдерді алу;
- алған білімдерін практикада қолдану;
- қайталау мен білім, білі, қабілеттерін тексеру деп ажыратылады.

Студент дефектологтардың өзіндік жұмысы оның мазмұны бойынша:

- репродуктивті;
- эвристикалық;
- шығармашылық деп ажыратылады.

Студент дефектологтардың өзіндік жұмыстары қолданатын қарым қатынас құралдары мен қалыптастыратын құзіреттіліктерге сәйкес:

- ауызша жұмыстар;
- жазбаша жұмыстар;
- техникалқ құралдар мен ақпараттық жүйеелерді қолдану арқылы жүзеге асырылатын жұмыстар деп бөлінеді.

Әдістеме. Теориялық: зерттеу тақырыбы бойынша арнайы педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді ғылыми теориялық тұрғыдан талдау; эмпирикалық: әңгімелесу, бақылау,сауалнама, анықтаушы және дамытушы эксперимент; зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдау.

Талқылау. Бүгінгі таңда студенттер ақпаратты таңдамалы және еркін қабылдауға қабілетті. Дәстүрлі аудиторияға қарағанда білім беру ғаламторы диалог пен білім алмасу сферасына айналып бара жатқандай. Сондықтан, студенттердің өзіндік жұмыстарының моделі де, түрі де айтарлықтай өзгерген.

Дефектолог студенттерінің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың жаңа тұғырлары студенттердің тек жасанды емес, сонымен шынайы практикалық міндеттерді аша алатындығын, олар тек оқытушыдан ғана емес, сонымен қатар бір бірінен де үйрене алатындығын (оқытушы қауымдастық), түрлі ақпарат базаларымен жұмыс жасап, сыни ойлауға үйренетіндігін, өз шешімі үшін жауапкершілікті қабылдап, өзінің кәсіби позициясын қалыптастыратындығын көрсетті.

Қорытынды. ЖОО студенттерді заманауи кәсіби даярлау студенттердің белсенді іс әрекетін талап етеді. Жоғары мектепте даярлаудың заманауи қағидасы әрекеттік ықпал ету мен тұлғаның барлық ресурстарын белсендіру арқылы шығарылатын кең ауқымдағы құзіреттіліктер шеңберін меңгеруге ықпал етеді. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру барысында оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда пәнді өз бетінше оқуға арналған сағат бөлінеді. Өзіндік жұмыстың мазмұны білім беру стандартының талаптары мен заманауи кәсіби талаптарға сай анықталады. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру белгілі қағидаларға негізделіп, олардың ең бастылары ғылымилық, жүйелілік, кезектілік, саналылық, белсенділік, тәжірибеге бейімдеушілік, мақсатқа бағыттаушылық т.б болып келеді. өзіндік жұмыстың барлық тапсырмалары білім беру мақсаттарын есепке алып, әр пәннің мазмұндық құзреттілігін көрсетіп, білім алушылардың танымдық әрекетінің деңгейін есепке алады. Сонымен студент дефектологтардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдебиеттерде әр түрлі позицияда қарастырылған. Бір жағынан, ол студент дефектологтарды оқу іс-әрекетіне жұмылдыру болса, ал екіншіден студенттер тарапынан белгілі оқу іс-әрекетін орындау мен ұйымдастыру құралы. Яғни, студент дефектологтардың өзіндік жұмысы бұл студенттердің олардың кәсіби білім беру шеңберіндегі студенттердің ұйымдастырылған, мақсатқа бағытталған белсенділігі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III. Об образовании.
- [2] Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. -Алматы: ННПЦ КП, 2019
- [3] Намазбаева Ж.И., Запрыгаев Г.Г., Луцкина Р.К. Истоки Развития психологии и дефектологии в Казахстане Алматы «Print-Express», 2012 423 с.
- [4] Зиновьев С. И. Учебный процесс в высшей школе / С. И. Зиновьев. – М.: Высшая школа, 2003. – 291 с
- [5] Чебровская, С.В. Самостоятельность личности: история, теория, практика: монография. — Комсомольск-на-Амуре: Изд-во АмГПУ, 2007. — С. 24-44
- [6] Розман, Г. Организация самостоятельной работы студентов /Г. Розман // Высшее образование в России. – 2003 – № 1 – 87 с.
- [7] Есипов Б.П. «Самостоятельная работа учащихся на уроке»- М.: Учпедгиз, 1961г.- 239с.
- [1] Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319-III. About education.
- [2] Psychological and pedagogical support of children with special educational needs in a comprehensive school: method. recommendations/ Eliseeva I.G., Ersarina A.K. -Almaty: NNPC KP, 2019
- [3] Namazbaeva Zh.I., Zapryagaev G.G., Lutskina R.K. The origins of the development of psychology and defectology in Kazakhstan Almaty "Print-Express", 2012 423 p.
- [4] Zinoviev S. I. Educational process in higher school / S. I. Zinoviev. - M.: Higher School, 2003. - 291 p.

- [5] Chebrovskaya, S.V. *Independence of personality: history, theory, practice: monograph.* - Komsomolsk-on-Amur: Publishing House of AMGPU, 2007. - pp. 24-44
- [6] Rozman, G. *Organization of independent work of students /G. Rozman // Higher education in Russia.* - 2003 - No. 1 - 87 p .
- [7] Esipov B.P. *"Independent work of students in the classroom"* - М.: Uchpedgiz, 1961- 239s.